



"АЙБАЛТА-2025" ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫНДА ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ШАБУЫЛ ҚИМЫЛДАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

"Айбалта-2025" жедел-стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығуы барысында Қарулы Күштердің бөлімшелері қорғаныс және шабуыл әрекеттерінде жоғары деңгейде дайындық танытып, тиімді қимылдар жасады.

Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – басшылық құрамының ұйымдастырушылық, командалық және үйлестіру дағдыларын жетілдіру болды.

Қорғаныс сипатындағы тактикалық іс-қимылдар барысында терең және аймақтық қорғаныс жүйелерін ұйымдастыру, инженерлік кедергілерді орнату және резервтерді уақытында енгізу мәселелері пысықталды. Бөлімшелер мен маңызды нысандарды бүркемелеу кезінде әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің интеграциясы мен барлау бөлімшелерімен өзара іс-қимылға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, қауіп-қатерлерді уақтылы анықтау және жау әрекеттеріне жедел жауап беру үшін барлаудың тиімділігі арттырылды.

Шабуыл эпизодтарында бөлімшелер белсенді маневрлер жасап, шайқаспен барлау жүргізіп, жау нысаналарын артиллерия және атыс жүйелері арқылы басып тастады. Бронды

және мотоатқыштар топтары да қорғанысқа тартылып, майдандық және армиялық авиация тиімді қолданылды. Әскерлерді ауыстыру кезінде логистика мен атысты бүркемелеу мәселелері де жоғары деңгейде пысықталды.

Штабтар мен алдыңғы қатарлы бөлімшелер арасындағы үйлестіру заманауи



автоматтандырылған басқару және деректер алмасу жүйелері арқылы жүзеге асты. Бұл күштердің жедел қайта бөлінуіне, резервтердің уақытында енгізілуіне және жедел жағдайдың өзгерістеріне сәйкес жоспарларды түзетуге мүмкіндік берді. Барлау бөлімшелері жау туралы

деректердің өзектілігін үнемі бақылап, қабылданған шешімдердің тиімділігін арттырды.

Қарсылас әрекеттерінің тиімділігін төмендету және өз коммуникацияларын қорғау мақсатында электронды күрес құралдары мен әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелері

қолданылды. Инженерлік бөлімшелер шабуылға көшу кезінде кедергілерді жою және бағдарларды дайындау міндеттерін сәтті орындады. Артиллериялық есептоптар атыс рейдтерін дайындау және маневрлерді атыспен бүркемелеу жұмыстарын пысықтады.

Оқу-жаттығу барысында медициналық бөлімшелердің іс-әрекеттері және "зардап шеккендерді" эвакуациялаудың жеделдігі бағаланды. Сондай-ақ, далалық жағдайда материалдық-техникалық камтамасыз ету бөлімшелерінің үйлесімді әрекеттері тексерілді. Үздіксіз кері байланыс форматында командирлер мен штабтар тапсырмалардың нәтижелерін талдап, сәтті шешімдерді тіркеп, әлсіз тұстарды анықтады.

Қорғаныс және шабуыл әрекеттерінің сценарийлерін іске асыру бөлімшелердің үйлесімділік, ұтқырлық және дайындығының жоғары деңгейін көрсетті.



БҰЛ НОМЕРДЕ:

ЦИФРЛАНДЫРУ

АРНАУЛЫ БЕТ



4-5 беттер

ОГНЕВАЯ МОЩЬ РОДИНЫ



ДАТА

7 стр.

ДАТА



ПЕРВЫЙ В СТРОЮ

7 стр.

СҰРАҚ-СІЗДЕН, ЖАУАП-БІЗДЕН



12-бет





СКРЫТНО, ТОЧНО, ЭФФЕКТИВНО



Военнослужащие выполнили широкий спектр задач, связанных с ведением разведки в тылу условного противника в дневных и ночных условиях. Они осуществляли скрытное выдвижение на заданные рубежи, занимались оборудованием наблюдательных постов и передавали разведанные в штаб. Действия проводились с применением современных технических средств разведки, включая беспилотные летательные аппараты и средства радиоэлектронного наблюдения.

– Разведывательные подразделения успешно выполнили поставленные задачи, подтвердив готовность выполнять задачи как в обороне, так и в наступательных действиях. Личный состав продемонстрировал умение действовать скрытно, быстро и эффективно в сложных условиях. Учение способствовало

повышению боевой выучки и укреплению взаимодействия между разведывательными и общевойсковыми подразделениями, – отметил начальник главного управления разведки Управления главнокомандующего Сухопутными войсками Вооруженных Сил РК полковник



В рамках оперативно-стратегического командно-штабного учения «Айбалта-2025» на одном из этапов военнослужащие разведывательных подразделений отработали тактические действия.

Динар Курбанбаев.

Командование учения отметило высокий уровень подготовки личного состава, умение разведчиков действовать в условиях ограниченной видимости в быстро меняющейся тактической обстановке. Данные, полученные в результате действий разведчиков, обеспечили своевременное принятие решений и эффективное управление войсками на поле боя.



ВООРУЖЕННАЯ СЛОВОМ И ЧЕСТЬЮ

Начальник управления реализации языковой политики Административного департамента Министерства обороны РК полковник Айну́р Оразгалиева стала обладателем престижной республиканской отраслевой премии года Business Lady Qazaqstan.

Мероприятие уже пятый год проводится в целях популяризации женского предпринимательства, поддержки сельских женщин, многодетных матерей и начинающих бизнес-леди. Цель организаторов премии Business Lady Qazaqstan – раскрыть перед публикой образ женщины, достигшей успеха в бизнесе и социуме, показать ее с неожиданной стороны, мотивировать окружающих.

– Сегодня мы награждаем женщин-предпринимательниц, работающих в разных сферах, а также тех, кто занимается социальной деятельностью и благотворительностью, – сказала организатор премии года председатель правления ОО «Business woman KZ» Сауле Кайсар. – Среди номинантов – военнослужащая Вооруженных Сил РК полковник Айну́р Оразгалиева, которой мы выражаем искреннюю признательность за ее благородную миссию служения Отечеству.

Бытует мнение, что профессия военнослужащего не для хрупких созданий, однако сегодня женщины пошатнули постулат о ее мужском предназначении. Они добросовестно несут службу, выполняя наравне с мужчинами учебно-боевые задачи. Поэтому неслучайно среди креативных, деловых и предприимчивых женщин масштабного ивента в номинации «Достоиние Республики» была полковник Айну́р Оразгалиева.

Выпускница Алматинского государственного университета имени Абая по специальности «переводчик» в Вооруженных Силах с 1999 года. Она помнит прежние времена, когда специалисты различных подразделений обращались к ним за помощью.

– Сегодня мы можем констатировать, что каждый исполнитель сам готовит документы на государственном языке, – поделилась начальник управления реализации языковой политики Административного департамента Министерства обороны РК.

Регулярно проводимый среди госорганов мониторинг свидетельствует о том, что переводчики Министерства обороны на хорошем счету. Их труд был вложен в подготовку 30-томного отраслевого терминологического словаря, предназначенного для упорядочения казахской терминологии и унификации терминов. В 11-м томе этого издания собрано 12 тысяч военных терминов.

ЦИФРОВОЙ КОНСУЛЬТАНТ

В Астане на сборах военных психологов представили Telegram-бот AI-sulu, разработанный на базе искусственного интеллекта. Новый сервис будет круглосуточно и анонимно помогать военнослужащим и их семьям справляться со стрессом и сложными ситуациями.



– Психология – важнейший элемент обеспечения боевой готовности войск. Эффективная работа с военнослужащими и их семьями – основа моральной силы армии, – подчеркнул заместитель министра обороны по воспитательной и идеологической работе вице-адмирал Серик Бурамбаев, открывая сборы.

По его словам, современные вызовы требуют внедрения инновационных цифровых решений. Таким шагом стало создание AI-sulu, о котором рассказал начальник информационного отдела Национального военно-

патриотического центра майор Касымхан Туитин.

– AI-sulu не заменяет живого

специалиста, но способен стать первой линией помощи. В трудный момент он выслушает, даст подсказку и направит к нужным ресурсам, – отметил Туитин.

Цифровой консультант доступен на казахском и русском языках. Разработчики подчеркивают: главное его преимущество – анонимность и доступность 24/7.

Кроме презентации нового сервиса, на сборах обсудили профилактику деструктивного поведения,

развитие стрессоустойчивости, использование IT-инструментов в психологической работе, а также особенности взаимодействия с молодежью. В качестве спикеров выступили эксперты в области психотерапии, суицидологии и военной психологии.

Участники отмечают: полученные знания помогут в работе с личным составом и лягут в основу новых методических материалов для психологической службы армии.



ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖДЕГІ АНТ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ

Біздің халық ежелден Отан үшін төккен тердің қадірін түсініп, бағамдай білген. Оның ішінде ең қастерлі, ең абыройлы міндет, асқақ парыз – Отан-Ананы қорғау! Оны бүгін әскери қызметті таңдап отырған әр жас сарбаз ойына түйіп, санасында сақтап жүргені абзал.

Ант қабылдау – туған Отанына, еліне адал болу, оны ақтық демі қалғанша қорғау, қажет болса жанын да қию. Осылайша, ант қабылдаған сарбаз – біздің ұлан-ғайыр жерімізді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған жаужүрек ата-бабаларымыздың ерлік жолын жалғастырушыға, елдің қорғанына, сенімін арқалаған азаматқа айналмақшы.

2025 жылы 27 қыркүйек күні Қарулы Күштерде аты аңызға айналған даңқты қолбасшы, тұтас ғұмырын Отанын қорғауға арнаған, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің есімі берілген, елорданың төрінде орналасқан Әскери колледжде 3-курста әскери білім алып жүрген 100 кадет салтанатты түрде Әскери ант қабылдады. Бүгінде Кеңес Одағының Батыры,

Халық қаһарманы, Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледж – кәсіби сержанттар дайындайтын бірден-бір озық әскери оқу-білім беру ордасы.

Әскери колледж бастығы полковник Тулеушев Ғазиз Әуесқанұлы Жарғы бойынша Әскери ант туралы түсінік беріп, оның маңыздылығына тоқталып, ата-аналар мен кадеттерді салтанатты күнмен құттықтады.

Ант қабылдау рәсіміне ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Қуатбекұлы Олжабаев, ҚР Қорғаныс министрлігінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы әділет полковнигі Тілеухан Қалилаұлы Басқожаев, ҚР Қорғаныс министрлігінің Бас штабының

сержанттар құрамымен жұмыс жасау басқармасының бастығы Темірбек Мырзаханұлы Халықов, ҚР Қарулы Күштері ардагерлері, әскери колледждің жеке құрамы мен ата-аналар қатысты.

Салтанатты іс-шараға «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бакытжан Ертайұлы Ертаев қадірлі қонақ болып келіп, кадеттерді, ата-аналарды осындай ерекше күнмен құттықтап, әскери өмірде табандылық пен батылдық танытып, биік ориентир шыңдарға жетуіне тілектестігін білдірді.

Әскери колледжін тәрбиеленушісі, оқу озаты әрі мақтанышы кадет Жанболат Батырбекұлы Шайқамалдың әкесі Батырбек Шайқамалұлы Дауытбаев мырза ата-аналардың атынан ізгі тілегін білдіріп, әскери колледж басшылығы мен жеке құрамына, әсіресе ұстаздар қауымына, қызметкерлеріне ризашылдығын танытты.

Ел үшін күрмеуі қиын-қыстау кезеңде әскерді басқара отырып, оның қалыптасуы мен дамуына ұлан-ғайыр, баға



жетпес үлес қосқан, жоғары беделді әскери әлеуетті сақтап, жеке құрам арасында әскери тәртіпті нығайтуға күш салған, ұлт перзенті әрі мақтанышы, «Ержігіттің ақсұңқары», «Сыпайы генерал» атанған Кеңес Одағының Батыры, тұңғыш Халық қаһарманы және Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов айтқандай: «Әлеуеті жоғары әскери тұлға болып қалыптасу үшін әскери тәртіп мен мінезден бөлек жеке тұлғаның бойында Отанына деген

шексіз махаббат пен мақтаныш кернеуі қажет». Әскери колледжде тәлім-тәрбие алып жатқан әрбір тәрбиеленуші әлеуеті жоғары, өз кәсібінің шебері, Отан-Анасын шексіз құрметтейтін әскери тұлға болып қалыптасарына сенімдеміз!

Альмира ЖАБАЕВА

Армия генералы
С.Қ.Нұрмағамбетов
атындағы әскери
колледждің Тәрбие және
идеологиялық жұмыстар
бөлімінің бас маманы

ӘСКЕРГЕ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Саран қаласында «Отан – сенген ұлы жүрек» атты салтанатты шара өтті. Мақсаты – Отан алдындағы борышын өтеуге аттанғалы тұрған жас сарбаздарға құрмет көрсету, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу. 2025 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында Қазақстан Республикасының аумағында күзгі әскерге шақыру науқаны басталғаны белгілі. Осыған орай Саран қаласында бір топ бозбала, барлығы 11 жас сарбаз ҚР Қарулы Күштері қатарына аттанды.



Шара барысында болашақ сарбаздарды қолдауға келгендер қатарында №44803 әскери бөлімінің қызметкерлері, Саран қаласындағы білім беру ұйымдарының кадеттері мен оқушылары, қала колледждерінің студенттері, мектептердің жоғары сынып оқушылары, бастапқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері, ардагер-жауынгерлер мен интернационалистер болды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында: «Жастар үшін патриотизмнің басты көрінісі – жасампаздық пен жаңашылдық. Жастардың ойынша, Отанға деген сүйіспеншілік – қоғамға пайда әкеліп, тың

жаңалықтар ашу, жаңа іс бастау», – деген еді. Әскерге бару – бұл тек қана азаматтық борыш емес, сонымен қатар ерлік пен намыстың мектебі. Бұл – болашақ азаматтардың шыңдалу жолы, ұлттық қауіпсіздікке қосқан үлесі. Концерттік бағдарлама барысында әскерге шақырылушыларға арналған әндер шырықалып, жүрекжарды тілектер айтылды. Жас әнші Меней Жұлдыз болашақ сарбаздарға арнап «Самға» әнін орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Ал №44803 әскери бөлімінде абыроймен қызмет етіп жүрген жауынгер Абжал Мейіржан «Сәйгүлік» әнін арнады. Іс-шара соңында жас сарбаздарға естелік сыйлықтар табысталып,

салтанатты түрде шығарып салынды.

Саран қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшысы Әбілқасымов Азиз шараға қатысып, өз тілегін білдірді:

- Бүгін біз Саран қаласының нағыз ер азаматтарын әскер қатарына шығарып салып отырымыз. Бұл – әрбір жігіттің абыройлы міндеті. Қазіргі таңда әскери қызмет тек міндет емес, ол – үлкен тәрбие мектебі, болашақтың мықты азаматтарын қалыптастыратын орта. Біз олардың елге аман-есен оралып, рухани және физикалық жағынан шыңдалып келуіне тілектеспіз. Ең бастысы – денсаулық пен амандық. Әскерде тәртіп пен ұйымшылдықты бойға сіңіріп, нағыз азамат болып оралуға тілектеспін. Отанға адал қызмет ету – әрбір жас жігіттің парызы мен мәртебесі, - деді ол.

«Отан – сенген ұлы жүрек» атты бұл іс-шара жастардың бойында отансүйгіштік рухты көтеріп, олардың елге деген адал қызметке дайын екендігін көрсетті. Сапарға аттанған жас сарбаздарға абыройлы қызмет, амандық пен қайсар рух тіледі!

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында ұшқышсыз авиациялық жүйелердің әскери операторлары FPV-дрондарды басқару арқылы сайысты.

ДРОНДАР ШАЙҚАСЫН ӨТКІЗДІ

Сайыс әсерлі экшн-шоуға ұқсады. Оның ішінде ұшқыштар жоғары жылдамдықпен дрондарды жерге жақын ұшырып, тар өткелдер арқылы өткізді. Сонымен бірге күрделі маневрлер жасап, бір мезетте командалық пунктерге жоғары сапалы бейнетаспа жеткізе алды. Жаттығудың шарықтау шегі дронмен 10 метрден аса биіктіктен бронетехниканың қақпағы көлеміндегі нысанаға оқу гранаталарын дәл тигізу болды.

Ефрейтор Ұлан Суйдуов (12740 әскери бөлімі, Сарыозек гарнизоны), ефрейтор Шыңғысхан Сейдахметов (66567 әскери бөлімі, Қызылорда

гарнизоны) және сержант Мұхамеджан Қырғызали (Тараз қаласындағы 5-ші механизацияланған бригада) ең жақсы нәтижелерді көрсетті. Командалық есепте бірінші орынды және «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының көшпелі кубогын Жаркент гарнизонының командасы жеңіп алды (74261 әскери бөлімі).

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы Құрлық әскерлерінде мұндай сайыстарды алғаш рет ұйымдастырушы болып отыр. «Дрондар шайқасы» форматы әскери күштер деңгейінде дәстүрге айналуы мүмкін.





ЦИФРЛАНДЫРУ

№1 шығарылым

Құрметті, оқырман қауым!

«Сарбаз» газетінің бүгінгі санында «ЦИФРЛАНДЫРУ» деп аталатын жаңа арнаулы бетіміздің тұсауын кесіп отырмыз. Мұнда ҚР Қорғаныс министрлігінде аталмыш сала аясында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар көрініс табатын болады. Жалпы, соңғы 5 жыл көлемінде бұл бағытта бірталай тұжымды дүниелер жасалды. Алдымен солардың бірқатарына шолу жасағанды жөн санадық. Ал, арнаулы беттің алдағы сандарында цифрландыру жұмысындағы тың жаңалықтарға, оларды жүзеге асыру тетіктеріне тереңірек тоқталатын боламыз.



«Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық.

Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек.

Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет.

Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн.

Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан

Қарулы Күштерде «Цифрлық армия» бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар кешені іске асырыла бастады. Басқару жүйесін автоматтандыру және әскери мақсаттағы ақпараттық жүйелерді енгізу басқару органдарының қызметін бюрократиясыздандыруға, шешімдер қабылдаудың жеделдігін арттыруға және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал етті.

2020-2021 жылдар аралығында Қорғаныс министрлігі «Цифрлық жергілікті әскери басқару органы» пилоттық жобасын іске асырған болатын. Бұл жоба өзінің тиімділігін дәлелдеді. Басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен тиімді интеграцияның арқасында халық үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге айтарлықтай қадам жасалды.



Жергілікті әскери басқару органдарының жұмысы автоматтандырылды. «Цифрлық жергілікті әскери басқару органы» пилоттық жобасы бірыңғай ақпараттық ортаны қалыптастыруда және Қорғаныс министрлігінің азаматтарға көрсететін мемлекеттік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуде тиімділігін дәлелдеді.

Азаматтар мен көлік ресурстарын әскери есепке алуды, мерзімді әскери қызметке шақыру науқанын, әскерге шақыруды кейінге қалдыруды және одан босатуды цифрландыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетуді оңтайландыруға айтарлықтай күш-жігер жұмсалды.

Бұл ретте 16-60 жас аралығындағы ер адамдар туралы мәліметтер базасы цифрландырылып, басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктірілді. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды есепке алудың электрондық карточкалары жасалды. Бұл жергілікті әскери басқару органдарының көптеген қызмет процестерін автоматтандыруға мүмкіндік берді.


Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды хабардар ету 1414 қызметі бойынша SMS-хабарламалар арқылы жүргізіле бастады.

Азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы онлайн-қызметтің 11 түріне тапсырыс беруге мүмкіндік алды. Олардың ішінде: әскери есепке қою және одан шығару, әскерге шақыруды кейінге қалдыру, тіркеу куәлігін, әскери билетті немесе оның түпнұсқасын алу, жеңілдіктері бар адамдарға және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге біржола тұруға шығатын азаматтарға анықтамалар беру де бар.



2023 жылы да әскердің барлық салаларына цифрлық технологияларды енгізу жалғасын тапты. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың есебі жергілікті әскери басқару органдарының жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік беретін цифрлық форматқа ауыстырылды. Осы жылдың 1 наурызынан бастап азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және босату жөніндегі қызмет іске қосылды. Нәтижесінде азаматтар әскери қызмет өткеру мәртебесі туралы мәліметтерді ұсыну бойынша мемлекеттік қызметті бірде-бір құжатсыз алатын болды.

– SmartDataUkimet ақпараттық-талдау жүйесінің арқасында кейінге қалдыру құқығы 500 мыңнан астам әскерге шақырылушыға берілетіні анықталды. Сонымен бірге, азаматтардың бұл санаты шақыруды кейінге қалдыру туралы SMS-хабарлама ала бастады. Бұл жүйе азаматтардың әскери есебін цифрландыру жеке байланысын қоспағанда, көптеген мәселелерді қашықтан шешуге мүмкіндік берді.




2022 жылдың өзінде Қорғаныс министрлігінде мемлекеттік қызметтің 93%-ы электронды форматқа көшірілді. Сондай-ақ, осы жылы Қорғаныс министрлігі цифрлық трансформациялау стратегиясын әзірлеуге кірісті. Ол жаңа технологиялар мемлекеттік қызмет көрсету саласын ғана емес, әскери басқару мен ведомствоаралық үйлестіру жүйесін де қамтыды.

Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев цифрландыру саласындағы бес басымдықты атады. Олар: «ІТ-инфрақұрылым және технологиялар», «Процестер мен деректер», «Адамдар мен дағдылар», «Инновациялар» және «Киберқауіпсіздік».

«Электрондық үкімет» қызметі арқылы тіркеу куәлігі де ресімделетін болды. Бұл мемлекеттік қызметтерді көрсетуге көшу ресурстарын айтарлықтай үнемдеп, жемқорлық жасау тәуекелдерін азайтады.





2024 жылы сондай-ақ, Әскери билеттер цифрлық форматқа ауыстырылды. Жұмысқа орналасу немесе оқу орнына қабылдау кезінде құжатты түпнұсқада ұсыну туралы талап алынып тасталды.

Ендігі жерде жұмыс беруші азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы мәліметтерді egov.kz электрондық үкімет ресурсын пайдалана отырып, автоматты түрде алатын болды.

Заңнама бойынша заңды тұлғалар азаматтардың әскери қызметіне қатынасы туралы деректерді тіркеуге міндетті. Сондықтан кадр қызметтері бұрын әскери есепке алу құжаттарын (әскери билеттер, тіркеу туралы куәлік, әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама және т.б.) талап еткен.

Қорғаныс министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп жұмыс берушінің сұрауына автоматты түрде жауап алуға мүмкіндік беретін интеграциялық жұмыстар жүргізді.

Жеке ұйымдар «Е-Еңбек» ақпараттық жүйесінде, мемлекеттік мекемелерде «Е-Қызмет» ресурсын пайдалана отырып, қызметкерлердің есебін жүргізетін болды.

2024 жылдың соңына қарай Қарулы Күштердің қауіпсіздік жүйесіне жасанды интеллектпен жабдықталған бейне сараптау жүйесі енгізілетін болды. Ол әскери объектінің аумағына заңсыз кіруге тырысатын бөгде адамдарды анықтауға, адамның келбетін, автомобиль нөмірлерін тануға, адамдардың жиналуын және үй-жайлардан шыққан түтінді де анықтауға қабілетті. Бұдан бөлек, бұл жүйе камералардың істен шыққанын да анықтайды, басқарушылық және тағы басқа шешімдер қабылдау үшін деректерді талдайды, әскери қызметтің қауіпсіздігін арттырады. Аталған жүйе алдымен Өуе қорғанысы күштерінің әскери бөлімдерінде пилоттық тестілеуден өтті.


Қорғаныс министрлігі басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, цифрлық трансформация бойынша ауқымды жұмыс атқарды. Мысалы, жергілікті әскери басқару органдарында кейінге қалдыру немесе есепке қою, есептен шығару сияқты қызметтер әскери комиссариатқа азаматтың өзінің баруынсыз шешілді. Бұл қызметтердің барлығын E-gov-тан азаматтың жеке кабинетінен алуға болады. Мәселен, 2024 жылы 29 648 азамат әскерге шақыруды автоматты түрде кейінге қалдырған.

Цифрлық трансформация әскери білім беру жүйесіне де әсер етті. Барлық әскери оқу орындарын біріктіретін көпфункционалды білім беру платформасы құрылды. Бұл жүйе еңбек функцияларын орындайтын жеке модульдерді қамтиды. Оған жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана, оқу процесін жоспарлау құжаттары, электронды журналдар және цифрлық білім беру ресурстары кіреді.

Бұдан басқа, қызметтік тұрғын үйге кезекке қою, Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен азаматтық персоналының тұрғын үй-жайды жалдау шартын жасасу және ұзарту мемлекеттік қызметтері электрондық форматқа ауыстырылды. Енді бұл қызметтер E-gov және e-Gov mobile қосымшалары арқылы көрсетіледі.



2023 жылы да әскердің барлық салаларына цифрлық технологияларды енгізу жалғасын тапты. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың есебі жергілікті әскери басқару органдарының жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік беретін цифрлық форматқа ауыстырылды. Осы жылдың 1 наурызынан бастап азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және босату жөніндегі қызмет іске қосылды. Нәтижесінде азаматтар әскери қызмет өткеру мәртебесі туралы мәліметтерді ұсыну бойынша мемлекеттік қызметті бірде-бір құжатсыз алатын болды.



SmartDataUkimet ақпараттық-талдау жүйесінің арқасында кейінге қалдыру құқығы 500 мыңнан астам әскерге шақырылушыға берілетіні анықталды. Сонымен бірге, азаматтардың бұл санаты шақыруды кейінге қалдыру туралы SMS-

хабарлама ала бастады. Бұл жүйе азаматтардың әскери есебін цифрландыру жеке байланысын қоспағанда, көптеген мәселелерді қашықтан шешуге мүмкіндік берді.

Қазақстан Қарулы Күштерінде цифрландыру бағытындағы ірі жобалар қарқынды жүзеге асып келеді. Бұл бағытта ерекше рөл атқарып отырған – "Қазақстан ГАЖ Орталығы" АҚ, ол еліміздің әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының Бірегей операторы болып табылады.

Басқарма төрағасы Нұрлан Исмағұловтың айтуынша, бүгінде цифрландыру үш негізгі бағытта жүргізіліп жатыр:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету, соның ішінде жасанды интеллектті пайдалану арқылы;
2. Күнделікті ішкі процестерді цифрландыру – әскери өмірдің тиімділігін арттыру мақсатында;
3. Әскерлерді басқаруды цифрландыру – командалық шешімдерді жылдам әрі дәл қабылдау үшін.

«Бүгінде біз тек Қорғаныс министрлігімен ғана емес, басқа да әскери құрылымдармен және арнайы мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеп келеміз. Атап айтқанда, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр», – дейді Нұрлан Исмағұлов.

Жаңа жоба – жауынгерлік дайындықты цифрландыру

Жақында қолға алынған ерекше жобалардың бірі – жауынгерлік дайындық процестерін цифрландыру. Бұл тек мәліметтерді цифрлық форматқа көшіру емес, сонымен қатар жасанды интеллекттің көмегімен оқу-жаттығу жұмыстарын тиімді жоспарлап, орындауға мүмкіндік беретін жүйе.

Мұндай технологиялар әскерилердің уақытын үнемдеп қана қоймай, дайындық деңгейін де жаңа сапаға көтереді.

Жасанды интеллект – сарбаз бен ата-анаға көмекші

Тек әскери құрылымдарға ғана емес, азаматтар үшін де цифрландырудың пайдасы зор. Мәселен, қазіргі таңда жасанды интеллект негізінде жасалған Armia.kz сервисі іске қосылды.

Бұл – сарбаздар, мерзімді әскери қызметшілер, призивниктер және олардың ата-аналары үшін таптырмас көмекші. Чат-бот арқылы мынадай ақпарат алуға болады:

- әскери қызметтің тәртібі мен ережелері,
- әскери бөлімдердің тарихы,
- командирдің байланыс мәліметтері және тағы басқа қажетті мағлұматтар.

Бұл сервис – ашықтықты арттырып, азаматтардың сұрақтарына жедел әрі нақты жауап беруге арналған тиімді құрал.

«Қазақстан ГАЖ Орталығы» жүзеге асырып жатқан жобалар – тек технологиялық жаңалық емес, ол еліміздің қорғаныс қабілетін күшейтуге бағытталған маңызды қадам. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің мүмкіндіктері әскери жүйенің заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді.

Келешекте бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі кеңейіп, Қазақстан Қарулы Күштерін жаңа биіктерге көтеретіні сөзсіз.





ҚАЗАҚТЫҢ ТАНКШІ ТӨРТ АРУЫ

ұрпақтар мақтанышына айналуға тиіс

Олар туралы аз жазылады, аз айтылады. Ана бір жылдары жаңылмасам, «Орталық Қазақстан» газетінде шағын-шағын біраз материалдар жарық көрген. Ертеректе орталық басылымдарда олардың ерлік жолдары туралы жазылып, туыс-туғандарына іздеу салған мақалаларды көзіміз шалған. Басқа жерлерден көп ештеңе байқай қоймап едік.

Әнеүгүні «Сарбаз» газетінің электронды нұсқасынан қазақтың Батыр қыздарының бірі Хиуаз Доспанова апамыз жайлы жазған мақаламды оқығаннан кейін солдат күнімізде бірге болған біраз достардың арасында қызу әңгіме-дүкен болды. Шындығын айтсам, пікірталас өзіме де өте ұнады. Сол жерде Ұлы Отан соғысы жылдары батырлығымен ерекшеленген қазақтың танкші төрт аруы (нақтысында төрт апамыз) туралы өте жақсы бастама көтерілді. Тың тақырыпты ортаға ұсынған Арқадағы Өспен ауылының тумасы, кенді қала Қарағандының қазіргі тұрғыны Бақытхан Исакаев досымыз «Мәке, сен журналистсің ғой, осы кісілер туралы жазшы. Түсінген адамға олар жастарға тағылым болар өнеге иелері. Олардың батырлығы, бір экипаждың тұтастай қазақ қыздарынан құрылуы қалай болғанда да ұрпақ үшін мақтаныш қой. Отан қорғаушылар сапындағы әскери қызметшілерге де олар туралы білген абзал. Қысқасы, сенен осындай мақала күтеміз» деп сөзін аманат артқандай түйіндеп еді. Бұл мақаланың жазылуы сол аманатты орындау мақсаты десе де болғандай.

Ұлы Отан соғысы кезінде ерлермен бірге майдан даласында болып, ерлік көрсеткен қыз-келіншектер аз емес. Жасыратыны жоқ, негізінен Әлия, Мәншүк, Хиуаз апаларымыздың ерлік жолдарын оқушы күнімізден оқулықтар мен әдебиеттерден оқып өстік. Біраз нәрсе білеміз десек те, кейін есейе келе олардың да мардымсыз болғанын түсіндік. Ал сол соғыс жылдарында танкіге мініп, жаумен қасқая шайқасып, ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен қазақтың төрт аруы – Жамал Байтасова, Жәмила Бейсенбаева, Күлкен Токбергенова және Күнжәмила Талқанбаева жайлы бертінде, тәуелсіз Қазақстан тұсында ғана жазыла бастады. Өрімдей жас қыздардың танкімен майдан даласына аттанып, жауға қарсы күрескен алғашқы әйелдер қатарында болғанын да көбіміз енді-енді біле бастадық.

Мамандардың сөзімен айтсақ, олардың ерлігі тарихта сирек кездесетін оқиға. Ерекше тарихи жағдай десе де болғандай. Кей жерлерде «Бір шайқаста тұтас экипаж із-түзсіз жоғалып кеткен» деген дерек келтіреді. Ойлап отырсақ, бұл жағы да жұмбақ сияқты. Батыр арулардың ерлігі мен жұмбаққа толы тағдыры жайлы «Төрт қайсар» деген атпен деректі фильм шығыпты, одан басқа әр-әр жерде шағындап қана ақпараттық мақалалар жазылыпты. Ал біз оқымаған үлкен шығармалар бар болса, оған арнайы кешірім сұраймыз. Ол да санамызды сан-саққа жетелеп, тұңғыққа тартып

жүр.

1941-1945 жылдардағы соғыс жылдарында майданға қатысып, ұрыс даласында соғысқан 800 мыңнан астам әйелдің тек 20-сы ғана броньды-танк әскерінің сапында болыпты. Оның 13-і славян халқының өкілі болса, 4-еуі – қазақ қызы, 3-еуінің аты-жөні мүлде аталмайды. Олардың ерлігі ерекше, батырлығы ерекше. Есіл еңбегі қайда? Ішінде кім жоқ дейсің, дәрігер де, медбике де, радист те, атқыш та, жүргізуші де, ұшқыш та, танкші де, қысқасы, бәрі-бәрі бар. Бірақ біздің төрт апамыздан құралған сияқты танк экипажы жоқ!

Қайсар қазақтың 4 қызы бір танктің экипажын құраған. Ол экипаждың командирі әрі көздеушісі кіші сержант Жамал Байтасова, оқтаушы-атушысы Күлкен Токбергенова, механик-жүргізушісі Күнжәмила Талқанбаева және радист-пулеметшісі Жәмила Бейсенбаева болған. Олардың ерен ерліктері туралы алғаш рет 1944 жылы 22 тамызда Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газетінде «Дала почтасы № 28054-0» әскери бөліміндегі сержант Топатай Жүнісов «Қазақтың танкист қыздары» атты мақала жазған. Онда Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының тумасы ретінде өзінің жерлес батыр әпкелерінің есімін мақтан ететіндігін атап көрсеткен. Ол жағы әбден орынды еді. Себебі «Т-34» броньды танк экипажын құраған аталған төрт қыз да қарағандылықтар екен. Батыр апаларымыз Курск шайқасындағы бір ұрыста ғана жаудың бес нүктесін жойған. Бұдан басқа да толып жатқан ерліктері аз емес. Кейін анықталғандай, төрт танкші апамыз Балтық бойындағы кескілескен шайқастарда қаза тапқан. Содан бастап олардың есімдері біртіндеп көмескілене бастаған.

Бұл кезде оның әкесі Асан соғыста жүрген еді. Жас қыздың бойында дұшпанға деген өшпенділік бар-тұғын. Қарағанды қаласының тумасы Жамал Байтасова соғыс басталған алғашқы күндерден бастап-ақ майданға өз еркімен баруға өтініш білдіріп, әскери комиссариатқа бірнеше рет өтініш білдіреді. Ондағылар әртүрлі себептер айтып кері қайтарып жіберіп отырған. Бұл қыз алған бетінен қайтпағасын кезекті бір жолы әскеркомдағылар оған: «Майданға санитарка болып барасын» деп жауап беріпті. Сөйтсе, қайсар қыз: «Жоқ, мен бұған дейін тракторларшылар курсын бітірдім, техниканың тілін жақсы білемін. Танкші болғым келеді» – дейтін көрінеді. Бірақ ауыр әрі шынжыр табанды танкті басқаруға ер азаматтардың ғана тартылатыны екі жаққа да әбден белгілі жәйт. Өйткені, әскери қызметтің қай саласында болсын оған дейін танкші болған әйел затын кездестіргендері

беріледі.

Лейтенант Осипова жазған құжатқа (баянатқа) көз жүгіртейік. Онда:

«Экипаж жедел курсты жақсы меңгерді, танкінің техникалық жағдайын қарай және жөндей



ақиқат еді.

Міне, өстіп жүргенде 1942 жылы маусым айында КССРО Қорғаныс Наркомының № 0459 құпия бұйрығы шығады. Бұл маңызды құжатта майдан даласында адам ресурстарының жетіспеушілігіне байланысты броньды техникада қызмет етуге әскер қатарына әйелдерді де алуға рұқсат етеді. Бұл Жамал сияқты қазақтың жалынды қыздарына күптеген жерден жол ашады. Сөйтіп, жедел түрде ұйымдастырылған қысқа мерзімді танк экипажына қажетті әскери мамандарды дайындайтын курстар ашылып, өтініш білдірген нәзік жандылар бір ортаға шоғырландырыла бастаған. Онда жиналған өзге ұлт өкілдерінің ортасында Қарағандының ар жақ, бер жағындағы елдімекендерден келген қазақ арулары Күлкен Токбергенова, Күнжәмила Талқанбаева, Жәмила Бейсенбаева және «мені майданға жіберіндер» деп әскери комитеттен шықпай жүрген Жамал Байтасова да болған. Бір атап өтерлігі, топта осы төрт қазақ қызы ғана болған көрінеді. Ілгерінді-кейінді жылдарда осы тақырыпқа ізденіп жүрген адамдардың қолына аталған төрт қыздың қысқа мерзімді курста бірге оқып жүрген кезде түскен жалғыз ғана суреті түскен. Одан басқа сурет жоқ, құжат түрінде жазылған ақпараттардан қыздарға қысқа мерзімдік курс сабақтарын жүргізген лейтенант Осипованың баянаты ғана сақталған. Ол құжатта Токбергенова, Бейсенбаева, Талқанбаева және Байтасовалар танк экипажы болуға лайықты және экипажды құра алады деп баға

алатын дәрежеде. Тактикалық әдіс нұсқауларды, топографиялық карта бойынша ориентация жасауды өз дәрежесінде біледі. Қашықтан және жақыннан ату полигонында да үздіктер қатарында болды» – делінген.

Шындығына келгенде, бұл қазақ қыздары ғана емес, соғысқа тартылған барлық әйел затының ортасында ерекше құбылыс болатын. Сол кездегі атақты конструкторлардың бірі Кошкин ойлап тапқан ең озық соғыс техникасы болып табылатын «Т-34» танкісін басқару ер жігіттерге де оңай емес еді. Ал мына жерде оны меңгеруге қазақ қыздарының ұмтылуы, олардың жауынгерлік техниканы басқаруды үйрену барысындағы оқу процесін өзгелерден жоғары меңгеруі көп адамды, оның ішінде әскери командирлерді біраз ойландырып тастағаны шындық. Кенестік Конституцияда адамдар құқы тең деп көрсетілгенімен, жазылмаған заңдылықтар бойынша, славян халқының өкілдері өзгеден бір басқа жоғары тұрған заман еді ғой. Жасыратыны жоқ, қаракөз бауырларымыздың мәртебесі өзгемен салыстыруға келе бермейтін. Міне, сондай кезеңде қазақтың төрт қызының топ жаруы, жауынгерлік ауыр техниканы шебер меңгеруі, игерген шеберліктерін сөзбен де, іспен де дәлелдей білуі, қала берді, маңайындағыларды амалсыз мойындатуы, шыны керек, таңғаларлық жағдай болды. Әсіресе, командирлер арасында бағалағысы келмегендер болғанымен, оларды амалсыз мойындауға тура келді.

Анығында, басқадай мүмкін болмай қалды. Тиісінше, көре алмаушылар қатары өсті.

Тарихтан жақсы білеміз, әйгілі Курск шайқасы екінші дүниежүзілік соғысы кезіндегі ең үлкен ұрыстардың бірі болып саналады. Ол туралы сан мәрте жазылып та, айтылып та жүр. Міне, сол Курск шайқасының Прохоровка түбіндегі ұрысына екі жақтан шамамен мың жарым танк қатысқан. Қан-жосаға толған сол майға қазақтың төрт қызынан тұрған танкшілер экипажы да қатысқан. Олар ұрыстың басынан аяғына дейін қатысып, майдан даласынан аман-есен шыққан. Жай шыққан жоқ, жаудың бес бірдей нүктесінің көзін жойған. Сөйтіп жеңісті жақындатуға толымды үлес қосқан. Осының өзі екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік екенін мақтана атап өткен жөн.

Жасыратыны жоқ, танкші әйелдер болды. Бірақ олар негізінен танкші күйеуінің жанында бірге соғысқан орыс, украин әйелдері екен. Анығырақ айтқанда, күйеулерінің қасында радист, атқыш немесе жүргізуші болып, кей жағдайларда солардың орнын ауыстырған. Солардың бірі Мария Октябрьская деген танкші орыс қызы кейін Кеңес Одағының батыры атанды. Бастапқыда ол танкші болған күйеуінің көмекшісі болған екен. Кейін майдан даласында қаза болған күйеуінің орнына броньды танктің жүргізушісі яғни, механик-жүргізуші болып қызмет еткен. Артынан ұрыста көрсеткен ерлігі үшін ең жоғары атақ берілген. Өкінішке орай, одан бірнеше есе көп ерлік көрсеткен қазақтың төрт қызынан тұрған танкшілер экипажының аты көп жерде аталмаған. Дәл осындай жағдайды біздің ел бірнеше рет бастан өткізген. Соның бірі батыр ағамыз Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстаг қабырғасына бірінші болып жеңіс туын тіккен сәті еді.

Қорыта айтқанда, соғыс кезінде бар-жоғы 20 танкші әйел болғанын білеміз. Бірақ бүгінгі әңгімеміздің арқауына айналған төрт қазақ қызының есімдері олардың қатарында аталмайды. Сонда, қазақтың төрт қызынан құралған танк экипажы, олардың ерлік жолдары туралы деректер әдейі жабық ұсталған сияқты. Тиісінше олар туралы жазбалар да тым мардымсыз, әр-әр жерде там-тұмдап қана сақталған. Солардың бірінде танкші қыздар 1944 жылы желтоқсанның басында қаза болды делінсе, тағы бір деректерде төртеуі де хабар-ошарсыз кеткен деп жазылады. Бірақ, олардың бір экипажды құрап, майдан даласында танкпен соғысқаны еш дәлелдеуді қажет етпейтін нақтылық! Жоғарыда Рақымжан Қошқарбаев ағамызды бекер ауызға алған жоқпыз. Өлде олардың бәрі тағдырлас па екен? Қалай болғанда да, бұл тақырып ізденуді, тарихқа терең бойлауды талап етеді. Батырдың аты өшпейді. Ендеше, қазақтың танкші төрт аруының есімі кейінгі ұрпақ үшін ерліктің көзі, елдіктің өзі болып қала бермек!

Марат ЖҮНИС-БЕК



ОГНЕВАЯ МОЩЬ РОДИНЫ



В настоящее время ракетные войска и артиллерия входят в состав Сухопутных войск и являются основным средством огневого поражения противника в общевойсковых боевых действиях.

Основу их боевой мощи составляют соединения, воинские части и подразделения тактических ракет, ствольной и реактивной артиллерии, минометов. Важнейшей составляющей РВиА являются современные средства артиллерийской разведки и автоматизированной системы управления огнем артиллерии, широко внедряемые в войсках и позволяющие повысить эффективность поражения объектов противника.

Судьба всю жизнь готовила подполковника Раниля Хайруллина к профессии офицера-артиллериста. Командир реактивного дивизиона Регионального командования «Астана», на вооружении которого стоят мощные установки залпового огня, с детства ценил точность, порядок и дисциплину.

Родом наш собеседник из

Уральска. Здесь окончил школу, а уже через неделю после получения аттестата поступил в Алматинское высшее общевойсковое командное училище имени маршала Советского Союза И. С. Конева (ныне - Военный институт Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова).

